

Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында.

Жаңа Қазақстан үшін бүгінде өзіндік қазақ өркениетін дамыту, экономикалық потенциалын өсіру, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілі мен ділін, басқа да ұлттық құндылықтар аясын кеңейту, ұлттық тарихты жаңғырту, сонымен қатар қоғамдағы ізгілік қарым-қатынас пен ынтымақтастықты, ұлтаралық мәдениетті дамыту, халықтар арасындағы достықты нығайту өзекті мәселелер болып табылады.

Жаңа Қазақстанның өркендеп дамуы бүгінгі күннің жастарына - өз елінің шынайы патриоттарына байланысты. Сондықтан олар тәуелсіздіктің тарихи маңызын терең оймен түсініп, жүрегімен сезінуі қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Ә.Дүйсебек, Г.Жусанбаева. Ұлттық құндылықтардың алтын дінгегі-патриоттық тәрбие. // Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. №1, 2009 жыл, 45-46 бб.

2 Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. –Алматы: Қарасай, 2011.-264 б.

3 «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Қостанай таңы №140, 20 желтоқсан 2012 жыл.

4 Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы. // Егемен Қазақстан №2 (29981) 5 қаңтар 2021 жыл.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ МАҢЫЗЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елеукен Б.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Жағыпар Ә.Б.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай жетілдіріліп, сапалық негізінде жедел жетілдіре түскен болатын. Уақыт ағымына қарай, саяси тұрғысында жетіліп, Алаш идеясы дүниеге келді. Алаш идеясының өзегі ол ұлттың дербес мемлекет болу еді, бүгінгі Қазақ елі –Алаштың арманының іске асқанын көрінісі десек те болады. Оны жетілдіруші және қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті қалт жібермеу үшін аянбай еңбек етті. Осы мақаланы жазудағы біздің мақсатымыз жаңа көзқарас пен айрықша серпілістің бастамасындағы мәңгі ел мұратының жалғасы іспеттес Тәуелсіздікке жету жолындағы Алаш идеясының маңызына тоқталып, ой пікірімізді білдіру.

Егемендікке қол жеткізгеннен кейінгі еліміздің басты міндеттерінің бірі – тәуелсіздікке жету жолындағы тарихымыз, Алаш идеясының негізгі құндылықтарын саралау, қазақ ұлтының келбетін сақтау еді. Бұл еліміздің тарихындағы елеулі кезең турасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Себебі кезінде Алаш партиясының жетекшілерінің ұсынған қағидалары өз маңыздылығын сақтап отыр» [1], – деп әділ бағасын берген еді.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсершіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отыра, отарлық езгінің

кұрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Әлихан Бөкейхан айтқандай, мемлекеттілігі жоқ халық – жетім халық. Алаш идеясының өзегі де, ұлттық мемлекеттілік дербестік еді.

Алаш идеясы үшін күрескен кезең ХХ ғасыр басынан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған еді, аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың көрнекті тұлғалары Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы осы тұлғалардың ерен еңбегінің арқасында, тәуелсіздікке қол жеткізу жолында арпалысты. Осы тұста айта кетсек, тарихтың тұңғығына батқан, рухани қазынамыздың Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелген, осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті жандар еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше, олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздегенін білеміз. Ең алдымен қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті, сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократиялық білімді алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да солар болды. Алаш зиялылары елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің жолын көрсетті.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы, менің ұлтым өзгелерден ерекше, артық сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында қалған елін, өзгемен теңету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі мен осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын» [2, 215 б.], – дейді. Алаш идеясын жүзеге асырушы қайраткерлері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатов сынды жол бастар Алаш көсемдері тұнып тұрған алыптар шоғырындағы абыройлы ісіне тың серпінмен жаңаша тыныс берген өрендер болатын, яғни Алаш идеясы өзінің жас, сондай-ақ жасампаз идея екендігімен ерекшеленді.

Ұраны ежелден Алаш болған қазақтың дербес мемлекет, тәуелсіз ел болғанына 30 жыл. Ұлтымыздың ардақтылары құрып кеткен идеяның сипаты ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек те болады. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, алаш сөзі қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтала айтылып келеді. Ұрпақтар сабақтастығы ең бірінші кезекте кешегі Алаш ұранды ұлт зиялыларының қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи ерен еңбегін бүгінгі отандық тәлім-тәрбие өзегіне айналдыру деп білеміз. Бізге отаншыл терең білімді зияткер жастар қажет. Ал, олардың бойтұмар етіп ұстанар тұлғасы – Алаш ұранды арыстар идеясы болса, туған отанымыз Қазақстанның рухани және экономикалық өркендеуі жаңа сапалы деңгейге шығарына сенімдіміз. Біздер үлгі-өнеге алатын алдыңғы толқын ағалардың кешегі тоталитарлық жүйе қысымындағы азаматтық ерліктері, елдік жолында аянбай жасаған қызметтері өшпеш өнеге болып қалары анық.

Алаш қозғалысына бір ғасырдай уақыт толып отыр, кем дегенде төрт буын асты сөз болса да, қаншама терең ойдың мүддесі мен тарихы жатыр. Алаш деген сөздің өзі «ұлт, қазақ ұлты» деген ұғымды береді, яғни алаш атауы қазақ халқының синонимі іспеттес [3, 31 б.]. Сондай-ақ «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұстаным бар еді. Бұдан шығатын қорытынды, Алаш – баяғыда қазақ елін, ұлтын жинақтайтын сөз әрі қазақ этнонимінің синонимі болса, қазіргі күнде сол деңгейде ұғынылып, маңыздылығын сақталып отырғандығын байқауға болады.

Ата-баба арманы үзілмей жеткен Алаш ұранды ел тұтқаларының дала даналарының елдік идеясын, ХХ ғасыр басында Алаш қайраткерлері дамытты. Алаштық топ, мәселен, сол тарихи кезеңде-ақ қазақ жерінің кең және бай екендігін, бұл артықшылықтың егер орынды пайдалана білген жағдайда елдің болашағына жағымды әсері болатындығын жақсы білді. Алаш-Отан кісісі, өз елінің патриоты, қазақ елінің ауызбіршілігін сақтап қана қоймай, басын

біріктірген қазақтың ұлт ретіндегі ұйытатын идея деп әлем танып мойындаған, зиялы қауым өкілі, Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханның өмірлік ұстанымын ХХ ғасырдың 40 жылдарында кеңестік кезең жастарының саналарына сіңіріп қана қоймай, Алаш идеясын дамытқан тұлға еді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. Сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс», – деп жаза келіп, бұлар – тарих толқынындағы мәдениеттің кіндік тұлғалары дейді [4,156-179 б.]. Осы айтылған сөздің өзіне көп мағына сыйып тұрғандай. «Кіндік тұлғалар» деген сөздің мағынасы – ұлттың жүрегі мен қаны, адамзаттың дамуы да, үрім бұтағының өзі де кіндікпен жалғасып жатыр. Ендеше кіндік тұлғалар туралы елге кеңінен мағұлматтар беру, тағылымды әңгіме өрбіту маңызды іс болып қала бермек.

«Алашорда» үкіметі құрылғаннан бастап халықты сауаттылыққа шақыру ісі мен ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударылды. Бүгіндегі білім беру жүйесіндегі жаңалықтар Алаш кезеңінен бастау алды десек те артық айтқанымыз болмас. 1917 жылы патша үкіметі құлаған соң, қазақ үкіметінің билігі аз уақытқа «Алашорда» үкіметінің қолына тиген еді. Ал Алашордалықтардың басты саясаты – халықты білім мен өнерге тарту екедігі бәріне мәлім. Ал бүгінгі білім беру ісіндегі олқылықтардың жауабын, тағы да алаш зиялыларының еңбегінен іздейміз десек те болады. Ал енді Алаш қайраткерлерінің білім беру жөніндегі идеялары және оның бүгінгі күнмен сабақтастығына кеңірек тоқталып қарайтын болсақ. Қазіргі қазақ қоғамында сол кездегі Алаш идеясына деген ерекше ұмтылыс байқалады. Ә. Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары сол кездің өзінде «Қазақ халқы білімде, ғылымда, мәдениет пен әдебиетте, өнерде жаңа сатыға көтеріліп, түрлі кәсіп пен өнерді меңгеріп, сол арқылы өзінің қазба байлықтарын игеру дәрежесіне көтерілсе...» деп армандаған еді. Өз байлығын өзі игеріп, өз билігіне өзі иелік еткен елдің ғана болашағы жарқын болып, жаңа сатыға аяқ басады.

Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлттың мүддесі үшін аянбай күреске түскен, сол жолда жандарын қиған ерлер екендігін білеміз. Олар өз жырларында барлық ерлер қауымын бостандық үшін еркіндік жолы, ел қамы үшін күресуге, бірігуге, бір тудың астында жиналуға шақырған. Жалпы алғанда, Алаш қайраткерлері туралы біршама зерттеу еңбектер жарық көргені мәлім. Дегенмен де, Алаш арыстары туралы зерттелгеннен гөрі, әлі де болса зерттелмеген мұра көптігі байқалады. Алаш зиялыларының тіл, әдеби-шығармашылық мұрасын жан-жақты саралауға құлшына кіріскен әдебиетшілер мен тілшілердің тарихшылардан көшілгері кеткендігі дәлелсіз көрініп тұр.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселер бүгінгі таңда Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр десек, осы тақырыптар жөніндегі ойларының қазірде өміршең екендігін аңғаруға болады. Осы идея сарынының бүгінгі күнінде де иісі аңқып тұрғаны белгілі. Қазіргі кезде жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы болып табылатын Мәңгілік Ел ұлттық идеясы ата-бабаларымыздың сан жылдар бергі асыл арманы еді. Ол арман-тұрмысы байқуатты, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын, түтініні түзу ұшқан, қазақылығымыз сақталған ел болу еді. Міне, осы идея алаш әдебиетшілерінің де туындыларына арқау болған. Алаш идеясы бүгінде жаңарып, жаңғырып, өркендеп жатыр. Қазақ жастарының алдында жаңа технология мен техниканы, түрлі ғылым салаларын игеру мақсаты тұр. Алаш идеясының бүгінгі күні өз сабақтастығын тауып жатыр деп айтуға толықтай негіз бар. 15 ғасырдың бас кезінде Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттың мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да қазақ хандығының байланысында өрбіген. Алайда тарих үрдісі көрсеткендей ол жүзеге аспай қалды. Кеңестік кезеңінде құрылған Қазақ АССР-ы одан кейінгі Қазақ ССР-да

қағаз жүзінде егеменді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болып, ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат жүргізілді.

Алаш идеясын тарихи сабақтастықта дамытқан Кеңестік кезеңдегі қазақ жастарының астыртын саяси ұйымдарының тарихы мен бүгінгі күндегі сабақтастығы зерттеушілерін күтіп жатқан тақырып. Алаш зиялылары 1937-1938 жылдары жаппай репрессияға ұшырағаннан кейін, 1986 жылғы көтеріліске дейінгі аралықта 40 жылдай уақыт, бос кезең секілді болып қалды. Сонау кеңестік кезеңнің үлкен бір өзінің саясатындағы, қылышынан қан тамған кезеңінде, тарих ғылымында не болмаса, саясаттану ғылымында болсын зерттелмей жатқан бір кезең деп айтуымызға әбден болады. Сондықтан да біз кеңестік кезеңде тәуелсіздік үшін күрескен Алаш идеясын дамытқан жастардың астыртын саяси ұйымы «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) қарастырсақ болады [5]. «ЕСЕП» деген сөздің өзінде қаншама мән-мағына жатқандығын ескеруіміз керек.

Алаш идеясын сөндірмей, 1941 жылы ақпанда Қарағанды қаласында жастардың астыртын саяси ұйымы «ЕСЕП» құрылған еді. Жастардың астыртын саяси ұйымы «ЕСЕП» негізін қалаған Бүркіт Ысқақұлы. Бұл ұйым негізінде қазіргі таңда, айтылмай жүрген Отандық тарихымыздың ақтандық беттері деп санаймыз. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының еске алған кезімізде тәуелсіздікке жету жолындағы кеңестік кезеңде күрескен жастардың астыртын саяси ұйымдары мен жеке азаматтардың қайраткерлік істеріне көптеп баса назар аударуымыз қажет.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын естен шығармауымыз, тарихымыздағы болған ақтандақтарымызды қайта қайталамау үшін кейінгі жас ұрпаққа сабақ болуы керек деген ойдамыз. Тарихи тұлғардан сабақ алмай, тарихи тұлғалардың ерен істерін мәңгі есімізде қалары анық, жасалған негізгі жұмыстарын мұрат тұтпай мемлекет басқару ісінде, саясатта бірден бір үлкен дәрежеге жету мүмкін емес. «ЕСЕП» жастардың астыртын саяси ұйым мүшелері ауыр да азапты жылдарды басынан кешіргенімен, жігерлері мұқалмады. Соқпақты өмірде қатыгездікке қайсар рухыменен жауап қайтара отырып, сотталған жағдайда да құқықтары қалпына келтірілгеннен кейін де елімізге абыройлы да адал еңбек еткен еді.

Қорыта келгенде, Алаш идеясының, оның саяси партиясының ұлттық мемлекетті құрудағы негізгі мәселелерді оқып білу, тәуелсіздік жолындағы, жаңа әлемде құрып жатқан Қазақстанымызды жарқын болашаққа жол бастап жетелейтіні сөзсіз. Сонымен қатар, Алаш қозғалысының бостандық және тәуелсіздік мұраттары үшін, маңыздылығын одан әрі зерттеудің жаңаша серпінмен жалғастырудың қажеттілігі артық болмас.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Төлепберген Б. Таным 20 ғасыр басындағы Қазақстандағы Алаш идеясы // 22 Қазан, 2010 ж. <https://kazgazeta.kz/news/4224>

2 Мәмбет Қойгелдиев М. Тарих – күрес алаңы. Мақалалар, сұхбаттар / Алматы: «Дәстүр», – 2015. – 388 б.

3 Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. / Алматы «Сардар», 2014. – 528 б.

4 Назарбаев Н. Тарих толқынында. / – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 б.

5 Жағыпар Ә.Б. «ЕСЕП» – Елін сүйген ерлер партиясы тарихы / – Қарағанды: «Alpha Print» баспасы, 2021. – 178 б.